




*Артық ғылым кітапта,
Ерінбе оқып көруге.
Абай*



*Құнанбай көшесі -123А,
Әдістемелік-библиографиялық бөлім*

gucbs@mail.ru

Ерейментау ауданы ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жанындағы КММ «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі»

Әдебиет Байдолда



Ерейментау қ., 2022 жыл



Тамшы


тердің -

тағылымы

Байдолда Әдебиет

Монголияның Баян – Өлгей аймағының Байнор сұмыны «Гүлді» елді мекенінде дүниеге келген, бастауыш, орта мектептен соң Ұлан – Батыр қаласындағы Педагогикалық институтты Математика мамандығы бойынша тәмәмдап, мамандығы бойынша жұмыстап жүріп, 1993 жылы еңбек шартымен ата жұртқа қоныс аударып, Ерейментау ауданы Жолбасшы орталау мектебінің директоры, мектеп жабылуына байланысты 2002 жылдан Новомарковка орта мектебінде математика мұғалімі, 2006 жылдан зейнеткер, жазған өлеңдері «Көкшетау» журналы, «Арқа ажары», «Ереймен елі», «Ереймен» газеттерінде басылып тұрған, «Өмірден өрілген өлең», «Шөбереге шежіре» т.б. кітаптары жарық көрген.

*«Өткен күн тарих, бүгінгі күн сұрақ,
ертеңгі күн жұмбақ, деген екен көне
көз қариялар. Бүгін не істедің? -
деген сұрақ туары да ақиқат.
Тарихты бір адам жасамайды,
бұқара көпшілік жасайды, бірі малын
бағады, бірі отын жағады, бірі
баласын оқытады, бірі ғылыммен
айналысады деген сияқты, сан
салалы жұмыстар біріге келе
тарихтың беті болып қатталады.
Жазған материалдарымды
жинақтап «Тамшы тердің -
тағылымы» деген атаумен ұсынуды
жөн көрдім».*



Бес жұртым бар

Бес жұртым бар, қарапайым тұлғамын,
Бесеуін де пана тұтып тұрамын.
Алғашқысы әке-шеше, туысым,
Амандыққа жиі мойын бұрамын.
Екіншісі, нағашы жұрт белгілі,
Байқалатын жиендерге кеңдігі.
Қалқаман да нағашыға сіңіпті,
Айқын болар айтылар ой ендігі.
Үшіншісі, қайын жұрт қой, келесі
Отау болу, ұрпақ өсу белесі.
Бұл үшеуі үш жағынан сүйеу боп,
Өмірімнің жүзіп келед кемесі.
Төртіншісі, алтын ұям мектебім,
Еңбек етіп, биіктерге жеткенім.
Үлкен - кіші құрбысындай сырласып,
Айналсоқтап ұзақ ұшып кетпедім.
Бесіншісі, Еліміздің газеті,
Газет - журнал - сырлы жұмбақ әр беті.
Толық жазып әрбір елдің өркенін,
Табылатын іздегенде қажеті.
Бес жұртым бар, жебеп топқа теңеген,
Қолдаушым көп, қолтығымнан демеген.
Өзен - суы, тауы - тасы қорғаным,
Кірпішімін, Еліміздің Егемен.
Бес жұртым бар, бақыттымын не деген,
Бес жұртым бар, бақыттымын мен деген.